

20 Kozhokina, O.M. Comparative analysis of solanine content in various potato samples / O.M. Kozhokina, V.S. Matsyuk // Research of various directions of modern science. – 2022. – pp. 24-28.

21 Timoshenko, V.A. Methods of detecting potato defects under various storage temperature conditions and assessing its quality / V.A. Timoshenko, A.V. Sutulo, N.B. Dovgan // Electronic scientific Journal. – 2017. – №. 5-1. – Pp. 16-19.

РЕЗЮМЕ

Картофель - самая ценная продовольственная, кормовая и техническая культура. При промышленной переработке из картофеля получают множество продуктов, в том числе крахмал, спирт и другие ценные продукты. Уникальный биохимический состав клубней позволяет считать его одним из самых питательных продуктов в мире. Содержит белки, аминокислоты, витамины, минералы и многое другое. Несмотря на все преимущества, этот растительный продукт может оказывать негативное, а иногда и опасное воздействие на организм. Причиной тому является содержащийся в нем соланин. В больших количествах соланин образуется под прямыми солнечными лучами, поэтому картофель обязательно нужно хранить в темном месте. Однако соланин содержится не только в картофеле, но и в других растениях семейства пасленовых. При нарушении режимов хранения возможна не только потеря полезных свойств, но и приобретение его токсических свойств. Температурный режим является одним из важнейших факторов хранения картофеля и варьируется от 2 °С до 12 °С в зависимости от применения картофеля. Соблюдение режимов хранения является основной причиной изменения качества картофеля и может вызвать пищевое отравление, а также нанести большой экономический ущерб.

ӘОЖ 332.6

FTAXP 10.55.31.

Тасанова Ж.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдары магистрі, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-2756-9507>

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Жәңгір хан, 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, tasanova_84@list.ru

Tassanova Zh.B., Master of Agricultural Sciences, the main author <https://orcid.org/0000-0003-2756-9507>

West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, Zhangir Khan, 51, Uralsk, Republic of Kazakhstan, tasanova_84@list.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР ҮШІН ТӨЛЕМДЕРДІҢ ЖЕР НАРЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ACTIVITY OF LAND PAYMENTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE DEVELOPMENT OF THE LAND MARKET

Аннотация

Қазіргі әлемде жер учаскелеріне иелік ету байлықтың символы болып табылады, сондықтан аймақтарда, жекелеген субъектілерде жер қатынастары саласын дамыту, тиімділігін қамтамасыз ету қажет. Ол жер нарығының жұмыс істеу тиімділігіне өзара әсер етеді. Жер нарығын дамытудағы экономикалық реттеу тетігі мемлекеттің жер ресурстарын басқаруға қатысты саяси қимылдарын іске асыруға, жер иелерінің құқықтарын қамтамасыз етуге, жер учаскелері үшін тиімді төлемдерді белгілеуге ұтымды және тиімді жер пайдалануды экономикалық ынталандыруға бағытталады. Алқаптардың экологиялық жай-күйінің бүлінуінен қорғауға экономикалық санкциялар енгізуге және ауылшаруашылығы алқаптары ауылшаруашылығы емес мақсаттарға қолданылған кезде олар үшін шығынды өтеуге бағытталған бағытталған экономикалық іс-қимыл шаралары жүйесі ретінде сипатталады.

Мақалада республикамыздағы жерді пайдаланудың ақылылығының тиімділігі жер учаскесі үшін төлемақының базалық ставкасының мөлшеріне, жер салығының түсіміне, жерді жалға алу төлеміне және ауыл және орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес басқа

мақсаттарға ол алқаптарды пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу сомаларының шамасына байланысты болатындығы айтылған. Жер пайдаланудың ақылылы жер салығын, жерді жалдау ақысын төлеумен және ауылшаруашылығы жерлерін басқа мақсаттарға алынып қойылған кездегі шығындарды төлеу төлемдерімен қамтамасыз етіледі. Мақаладағы мемлекеттік кіріс комитетінің кірісіне енген төлемдердің статистикалық деректер республика бойынша жинақталып талданылған.

ANNOTATION

In the modern world, land ownership is a symbol of wealth, therefore, it is necessary to develop and ensure the effectiveness of the sphere of land relations in the regions, individual subjects. It has a mutual impact on the efficiency of the functioning of the land market. The mechanism of economic regulation in the development of the land market is aimed at implementing political actions of the state in relation to the management of land resources, ensuring the rights of land owners, ensuring effective payments for land plot establishment of rational and effective land use economic it is characterized as a system of directed economic action measures aimed at introducing economic sanctions to protect fields from damage to their ecological state and at compensating for losses for agricultural fields when they are used for non-agricultural purposes.

The article notes that the effectiveness of land use payment in the republic depends on the amount of the basic rate of payment for the land plot, the amount of compensation for the costs of agricultural and forestry production caused by the seizure of agricultural and forest lands for the use of these lands for land tax revenues, land rent payments and other purposes not related to agriculture and forestry. Payment of land use is provided by payment of land tax, land rent and payment of expenses when agricultural land is withdrawn for other purposes. Statistical data on payments included in the income of the state Revenue Committee in the article are summarized and analyzed throughout the Republic.

***Түйін сөздер:** жер реформасы, жер нарығы, жер үшін төлем, кадастрлық бағалау құны, жер салығы, нормативтік баға*

***Key words:** land reform, land market, land payment, Cadastral valuation value, land tax, regulatory price*

Кіріспе. Қазақстандағы жер реформасының дамуындағы маңызды бағыттардың бірі жер нарығын қалыптастыру және дамуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының жеке мен заңды тұлғалардың өз иеліктері мен пайдалануындағы жер учаскелеріне құқықтарын қамтамасыз ету. Жерді ақылы пайдалану механизмі мыналарды қамтиды: жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны, жер учаскесінің нарықтық құны, жер учаскесіне салынатын салық, жалдау ақысы, сервитуттық төлем, жер учаскелерінің кепілдік бағасы және нарықтық айналымдағы басқа да реттеушілері [1].

Жер нарығын қалыптастыру жермен азаматтық құқықтық мәмілелерді еркін түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында жер нарығы мынадай бағыттар бойынша қалыптасады: мемлекеттің жер учаскесін кадастрлық құн бойынша жеке меншікке беруі – жердің бастапқы нарығы және азаматтар мен заңды тұлғалардың иелігіндегі болатын жер учаскесімен азаматтық құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру – екіншілік жер нарығы [2].

Зерттеу материалдарымен әдістері. Мақаладағы талдау материалдары Қазақстан Республикасының аграрлық заңдары, ғылыми тұжырымдамалар, статистикалық материалдар мен отандық ғалымдар әзірленген жер үшін төленетін төлемдер жөніндегі қағидаттар негізделеді. Зерттеудің негізгі әдістері – жалпы ғылыми әдістер: сандық, сипаттамалық, салыстырмалық, статистикалық, жүйелік талдау, есептеулік [3].

Нәтижелер және оларды талдау. Қазақстан Республикасында кадастрлық баға нормативтік баға ретінде әрекет етеді. Жер учаскесінің (бағалау) құны – жер учаскесінің есептелетін бағасы мемлекет жер учаскесін немесе оны жалдау құқығын сатқан кезде қолданылады. Жер учаскелері үшін кадастрлық құны төлемақының базалық ставкалары мөлшерімен есептеледі. Ол ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес мерзімдік нақтыланатын инфляцияның жалпы деңгейі және оларға түзету коэффициенттері негізінде есептеледі [4].

Төменде Қазақстан Республикасының орталықтарында және Астана, Алматы және Шымкент қалаларында (кесте 1) атқарушы және өкілді бірлескен шешімдермен бекітілген Жер

кодексінің 10-шы бабына сәйкес [5] қолданысқа енгізілген және облыстардағы жер учаскесі үшін арнайы есептелген базалық төлемақы мөлшері келтірілген [6].

Ұсынылған жер учаскелері үшін төлем мөлшері елді мекендерге мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін ұйым және оның филиалдары кешенді негізде әзірленген. Ол жылжымайтын мүлік жер нарығындағы мәмілелер туралы ақпаратты пайдаланудың салыстырмалы тәсілі арқылы анықталды. Бағалау процесінде жер учаскелерінің сапасы мен орналасуын, деңгейін қоса алғанда, рента құраушы факторларға және аумақты әлеуметтік жайластыру және инженерлік-көліктік қамтамасыз ету және т. б. талдау жүргізіледі [7,8].

Кесте 1 - Облыс орталықтары мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары бойынша ақпарат

Р/с	Қала атауы	Базалық ставка т/м ²	Бекітілген жылы
1	Астана	6683	2012
2	Алматы	6200	2015
3	Ақтау	1815	2012
4	Ақтөбе	1287	2013
5	Атырау	2240	2014
6	Қарағанды	1984	2016
7	Қостанай	1357	2011
8	Көкшетау	1050	2015
9	Қызылорда	1230	2008
10	Павлодар	950	2013
11	Петропавл	1270	2015
12	Тараз	1040	2015
13	Талдықорған	1311	2019
14	Орал	1560	2017
15	Өскемен	2014	2015
16	Шымкент	1275	2012
17	Түркістан	880	2012

Бастапқы нарық жер учаскелерін мемлекеттің меншігінен жеке меншікке сату немесе бөліп төлеу жолымен өтеулі негізде беру, сондай-ақ өтеулі негізде жер пайдалану құқығын сату (ауыл шаруашылығына арналмаған жер учаскесіне жалдау құқығын сату) жөніндегі операцияларды қамтиды. Ақылы негізде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері оларды аграрлық мақсаттарда пайдалану үшін, елді мекендердің, өнеркәсіптің және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлері кәсіпкерлік және басқа бағыттарда қолдану үшін жеке меншікке беріледі. Үй маңындағы жеке шаруашылық жүргізу, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы, бағбандық шаруашылықты дамыту үшін жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына жер заңнамасында белгіленген нормалар шегінде тегін беріледі. Қосымша тегін берудің белгіленген нормаларынан тыс, жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін жер учаскелері ақылы негізде беріледі [9,10].

Меншігінде және пайдалануындағы жер учаскелері бар жеке және заңды тұлғалар болы жер салығын төлеушілер болып табылады. Жер салығы арендалық негізде жерді пайдаланғаны үшін жердің осы санатына белгіленген ставкалар бойынша арендаға берушіден алынады [12].

Заңды тұлғаларға және азаматтарға иелігіне немесе пайдалануына (жалдау құқығы) берілген жер учаскелері жерге салық белгілеудің объектілері болып табылады. Салық төлеу объектілері:

- заңды тұлғаларға ауылшаруашылығы қызметін іске асыру үшін, қосалқы шаруашылықтық қызметтерді жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылық алаптары;
- жеке тұлғаларға үй маңындағы өзіндік қосалқы шаруашылық, малды жаю және шөп шабу үшін берілген жер учаскелері;

- серіктестіктерге (қоғамдықтарға), азаматтардың кооперативтеріне саяжай шаруашылығы және мал шаруашылығы үшін берілген жер учаскелері;

- көлік, ауыл шаруашылық және орман шаруашылығы, орман өнеркәсібі, байланыс, су, балық, аң аулау шаруашылығы, сондай-ақ халық шаруашылығы басқа да салаларының кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары жекелеген санатына берілген қызмет мақсатындағы жер үлестері;

- тұрғын үй, саяжай, гараж құрылысына, кәсіпкерлік қызметке және өзге қолданысқа арналған жер учаскелері;

- өнеркәсіп, көлік, байланыс, радиобайланыс, теледидар, информатика және ғарыштық басқару, энергетика жерлері;

- өкімет және басқару органдарының ішкі және темір жол қызметтері, ғарыштық жүйе қызметіне қолдануға берілген жерлер;

- өздерінде ағаш дайындау мақсатында пайдалану үшін ормандық учаскелерге бөлінген жерлер;

- шаруашылық қызметі үшін берілген су қорының жері [13].

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті сайтының деректері бойынша тұтастай алғанда жер салығынан бюджетке түсетін түсімдердің жылдар бойынша ұлғаюы байқалады. Егер жалпы республика бойынша 2016 жылы түсім 15 255,1 млн. теңге болса, 2017 жылы - 15 353,3 млн. теңге, 2018 жылы – 16 875,8 млн. теңге, 2019 жылы - 18 712,2 млн. теңге, 2020 жылы – 17 087,5 млн. теңге, ал 2021 жылдың 10 айында түсім 13 млн. теңгені құрады 105,0 млн.теңге. Аймақтар бойынша жерді пайдаланғаны үшін ең көп салық түсімдері 2021 жылы Алматы қаласы бойынша тіркелді (3 103,6 млн. теңге) және Қарағанды облысы (1 836,8 млн.теңге). Жер салығының түсімі бойынша деректер 2-кестеде келтірілген. Деректер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен алынды [14].

Кесте 2- 2015-2021 жылдары облыстар бойынша жер салығының түсімі (млн. теңге)

Облыс атауы	Жылдар						
	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021 (10 айы)
Ақмола	392,0	283,7	364,0	443,2	525,0	424,8	319,9
Ақтөбе	595,8	518,3	428,3	531,5	562,8	537,1	380,0
Алматы	773,7	829,5	675,2	886,7	876,9	857,5	555,1
Атырау	481,6	499,9	499,0	576,1	610,0	581,2	445,1
Ш-Қазақстан	1350,4	1364,1	1466,0	1372,3	1587,6	1515,2	1134,7
Жамбыл	354,8	361,2	311,9	375,0	425,5	404,3	289,8
Б-Қазақстан	182,0	180,4	161,2	181,3	249,4	202,3	127,4
Қарағанды	2475,2	2475,0	2512,9	2579,4	2708,2	2314,8	1836,8
Қызылорда	273,1	290,3	312,7	347,1	324,2	358,6	225,1
Қостанай	612,7	377,3	351,0	372,5	561,8	425,2	230,4
Маңғыстау	570,6	489,7	532,4	516,4	709,1	463,2	365,3
Павлодар	1885,9	1776,4	1792,5	1967,0	2039,9	1928,8	1372,9
С-Қазақстан	288,9	262,1	254,3	301,9	380,9	305,1	208,9
Түркістан	948,9	1132,8	1052,3	1609,1	619,8	648,1	355,5
Шымкент қ.	-	-	-	-	895,2	1214,8	796,8
Алматы қ.	2450,4	3032,6	2980,3	3412,0	3983,6	3313,3	3103,6
Астана қ.	1209,1	1247,6	1659,2	1404,5	1652,4	1593,4	1357,6
Барлығы	14935,1	15255,1	15353,3	16875,8	18712,2	17087,5	13105,0

Жер учаскелерін жалға алу төлемдерінің түсімдері 3-кестеде көрсетілген. Жер учаскелерін жалға беруден бюджетке түсетін түсімнің ұлғаюы байқалады. Егер жалпы республика бойынша 2015 жылы - 14 304,5 млн. теңге болса, 2016 жылы - 14 873,1 млн. теңге, 2017 жылы - 16 224,0 млн. теңге, 2018 жылы – 16 452,0 млн. теңге, 2019 жылы – 18 813,9 млн.

теңге, 2020 жылы - 18 520,1 млн. теңге, ал 2021 жылы он айда 15 411,2 млн. теңгені құрады. 2021 жылы өңірлер бойынша ең көп түсімдер Қарағанды облысы (3 117,0 млн. теңге) және Қостанай облысы (2 267,4 млн. теңге) бойынша тіркелді) [14,15].

Кесте 3 – Жерді жалға алу төлемдерінің түсу динамикасы (млн. теңге)

Облыс атауы	Жылдар						
	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021 (10 айы)
Ақмола	1048,5	1107,1	1119,6	1130,4	1205,0	1156,7	1009,8
Ақтөбе	457,7	455,8	541,2	559,2	648,7	903,6	908,2
Алматы	193,7	211,5	206,7	199,4	232,8	423,3	54,8
Атырау	320,5	367,8	3888,2	440,6	427,5	495,0	407,1
Ш-Қазақстан	763,3	794,3	850,0	934,1	911,4	969,2	845,3
Жамбыл	190,3	207,4	199,6	230,5	257,3	234,2	255,3
Б-Қазақстан	230,4	248,1	248,9	258,9	260,2	277,5	239,8
Қарағанды	2852,0	3027,2	3130,2	3251,4	3371,3	3681,2	3170,0
Қызылорда	123,7	134,4	127,8	131,9	145,9	166,5	139,5
Қостанай	1684,1	1668,8	2085,5	1920,1	2031,7	2601,9	2267,4
Маңғыстау	694,4	674,6	733,4	764,2	2821,7	879,9	839,8
Павлодар	2249,0	2306,4	2382,2	2431,8	2493,1	2446,9	1921,7
С-Қазақстан	1482,2	1479,6	1736,0	1676,7	1547,1	1534,0	1241,9
Түркістан	323,9	354,5	386,7	382,3	226,9	279,7	209,7
Шымкент қ.	-	-	-	-	244,3	346,2	280,4
Алматы қ.	744,2	823,9	1004,5	1034,9	872,0	1040,7	771,6
Астана қ.	946,4	1011,5	1073,4	1105,4	1117,1	1083,4	902,0
Барлығы	14304,5	14873,1	16224,0	16452,0	18813,9	18520,1	15411,2

Қазақстан Республикасы Үкіметі 2003 жылы 8 қазанда ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға оларды пайдаланғаны үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қоюдан туындаған шығыстарды өтеу нормативтерін №1037 қаулы бойынша бекіткен болатын. Осы қаулы бойынша алқаптарды қалпына келтіруге қажетті соманың мөлшері есептелініп, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындары мен зияндарын өтеу тәртібі белгіленген [16].

Аталған санаттардағы өндірістердің шығындарын төлеуді жер учаскелері берілетін заңды және жеке тұлғалар ауыл және орман алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін оларды алып қою нәтижесінде қалыптасқан шығындарын өтейтін нормативтеріне сәйкес құзыретті мекемелер жасаған есептеулерге сәйкес жүзеге асырады. [17,18].

Ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісіне байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қою кезінде шығындарды өтеуден төлемдер түсімдері туралы ақпарат 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Шығындарды өтеуден төлемдер түсімдері (млн.га)

2016	2 784,5
2017	2 645,3
2018	1995,9
2019	2418,7
2020	3385,8
2021 (10 айы)	2340,7

Жер нарығының дамуында мынадай факторлар шешуші орын алады: Заңдардың нарықтық шарттарына сәйкес келуі, яғни заңдар мен нормативтік актілердің қолданысқа ие болуы; негізгі бағасының туралығы, дәлелділігі, нарықтық сұраныс әсерінің

ескерілуі, жер учаскесінің адамдарды қызықтыруы; келісім шарттарды жасаған кезде олардың құқықтық негізінің болуы [19,20].

Қорытынды. Жер нарығының қалыптасуы мен жер үшін төленетін төлемдер жерді тиімді пайдалануды реттеуші экономикалық тетік болып табылады. Жер үшін төленетін төлемдер ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалануды жетілдіру жобаларын құруға, жер ресурстарын басқаруды автоматтандырудың жаңа бағдарламаларын игеруге және бүлінген, тозған жер ресурстарының жағдарларын жақсартуға қолданылуы тиісті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Калдыбаева, С.С. Земельный налог, его место в налоговой системе РК [Текст] / С.С. Калдыбаева [и др.] // Роль молодежи в развитии науки и инновации в XXI веке: Материалы республиканской научно-практической конференции студентов и магистрантов, посвященной ЭКСПО-2017, 31 марта 2016 г. - Уралск: ЗКАТУ им. Жангир хана, 2016. - С.83-89.

2 Молдабекова, А.Ш. Жергілікті бюджетке түсетін жер салығын төлеудің тиімділігін арттыру мәселелері [Текст]: / А.Ш.Молдабекова [и др.] // Наука и современность-2014: Материалы республиканской научно-практической конференции магистрантов, докторантов и молодых преподавателей, посвященной реализации Послания Президента Республики Казахстана "Казахстанский путь-2050"., 2014. – С. 329-335.

3 Сейфуллин, Ж.Т. Жерді кадастрлық аймақтау, бағалау және жер салығын салу [Текст] Оқу құралы / Ж.Т. Сейфуллин, Г.Ж. Сейтхамзина, Г.Н. Нусупова. - Алматы: Кітапхана және әл-Фараби атын. ҚазҰУ, 2011. - 188 б.

4 Ахметов, Е.С. Жер құнын кадастрлық бағалаудың әдіснамалық негіздері [Текст] / Е.С.Ахметов [и др.] // М.Х. Дулати атындағы ТарМУ Хабаршысы. – 2010. Вып.5. – С. 66-71.

5 Утегалиева, Н.Х. Жылжымайтын мүлікті бағалау [Текст]: Оқу құралы / Н.Х.Утегалиева, Б.М. Мусаева. - Орал: Жәңгір хан атындағы БКАТУ, 2020. - 93 б.

6 Утегалиева, Н.Х. Оценка недвижимости [Текст]: Учебное пособие / Н.Х.Утегалиева. - Уралск: ЗКАТУ им. Жангир хана, 2019. - 98 с.

7 Утегалиева, Н.Х. Жерге орналастыру және кадастр негіздері [Текст]: Оқу құралы / Н.Х.Утегалиева, Ж.Б. Тасанова, Ж.Б. - Орал: Жәңгір хан атындағы БКАТУ.- 2019. - 110 б.

8 Тасанова, Ж.Б. Жер ресурстарын басқару [Текст] : Оқу құралы / Ж.Б.Тасанова. - Орал: Жәңгір хан атындағы БКАТУ, 2019. - 104 б.

9 «Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 25 мамырдағы №258-IV заңдарымен өзгертулер енгізілген 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі»[Текст]:– Режим доступа: http://kodeksy.kz/zemelnyj_kodeks/148.htm

10 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері, 2022 жыл.

11 Калдарбекұлы Ө. Научные подходы в определении «освоения земельного участка» и проблемы принудительного изъятия земли [Текст] / Ө.Қалдарбекұлы, Мишель Реми Нджики // ҚазҰУ хабаршысы, заң сериясы, [s.l.], v. 93, n. 1, c. 102-111.

12 Тажекова А.Ж. Түркістан облысының ауыл шаруашылық жерлерінің сапалық жағдайы және тиімді пайдалану мәселелері[Текст] / А.Ж.Тажекова // Хабаршы. география сериясы. №4 (59) 2020. 4-9 б.

13 Барсукова Г.Н.Современные проблемы управления земельными ресурсами [Текст]: /Г.Н.Барсукова, Н.М. Радчевский // Научный журнал,Кубгау, – №125 (01). 2017. – с. 11-20.

14 Демина Н.Ф.Экономический механизм управления земельными ресурсами[Текст] /Н.Ф.Демина, С.А.Булыгина // Вестник Красгау. – 2007. – №4. – с. 23-25.

15 Жер учаскелерін жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушыларға жалға берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын, сондай-ақ жер учаскелерін жалдау құқығын сату төлемақысының мөлшерін бекіту туралы қазақстан республикасы үкіметінің 2011 жылғы 10 қазандағы № 1154 қаулысы[Текст]<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/p1100001154>

16 Турганалиев С.Р. Земельный оборот Республики Казахстан в современных условиях[Текст] / С.Р.Турганалиев. [и др.] //Хабаршы. География сериясы. NN№2 (53) 2019. 4-15 б.

17 Владимир Е. Все о земельных отношениях. Кадастровый учет, право собственности, купля-продажа, аренда, налоги, ответственность [Текст] / В.Ершов. – М.: Гроссмедиа, 2017. – 416 с.

18 Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға оларды пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу нормативтерін және Алқаптарды қалпына келтіруге жұмсалатын сома есепке алынып, ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу, сондай-ақ орман шаруашылығы өндірісінің шығындары мен залалдарын өтеу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 1037 қаулысы [Текст]https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001037_

19 Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель Республики Казахстан за 2021 год [Текст] : Отчет / Сост.: М.Б.Темирганов, Г.А. Бимендина, А.Ж.Алпамышев, М.Б.Узбаев, А.Р.Абдрахманов, М.А.Каженев и др. – Нур-Султан, 2021. – 334 с.

20 Фокин С.В. Земельно-имущественные отношения [Текст] / С.В. Фокин. – М.: Альфа, 2018. – 271 с.

21 Гербеева Л.Ю. Методология развития, функционирования и управления земельно-имущественным комплексом региона // Вестник Омского Государственного университета, 2010. №13 (119). – С.16-19.

22 Двинский М. Б. Земельно-имущественный комплекс как эффективная форма использования ресурсов в промышленности: на примере группы предприятий машиностроительного комплекса г. Красноярск [Текст]: автореферат дис. ... канд. экон. наук / М.Б.Двинский. – Красноярск, 2006. – 24 с.

REFERENCES

1 Kaldybaeva, S.S. Zemel'nyj nalog, ego mesto v nalogovoj sisteme RK [Tekst] / S.S. Kaldybaeva [i dr.] // Rol' molodezhi v razvitii nauki i innovacii v HKHI veke: Materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii studentov i magistrantov, posvyashchennoj EKSP-2017, 31 marta 2016 g. . - Ural'sk: ZKATU im. ZHangir hana, 2016. - S.83-89.

2 Moldabekova, A.SH. ZHergilikti byudzhette tusetin zher salygyn toleudin tiimdiligin arttyru maseleleri [Tekst]:/ A.SH.Moldabekova [i dr.] // Nauka i sovremennost'-2014: Materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii magistrantov, doktorantov i molodyh преподавателей, posvyashchennoj realizacii Poslaniya Prezidenta Respubliki Kazahstana "Kazahstanskij put'-2050". , 2014. – S. 329-335.

3 Seifullin, ZH.T. ZHerdi kadastrlyk ajmaqtau, bagalau zhane zher salygyn salu [Tekst] Oku quraly / ZH.T. Seifullin, G.ZH. Seifhamzina, G.N. Nussyupova. - Almaty: Kitaphana zhane al-Farabi atyn. KazGU, 2011. - 188 b.

4 Ahmetov, E.S. ZHer kunyn kadastrlyk bagalaudyn adisnamalyk negizderi [Tekst]/ E.S.Ahmetov [i dr.] // M.H. Dulati atyndagy TarMU Habarshysy. – 2010. Vyp.5. – S. 66-71.

5 Utegaliyeva, N.H. ZHylzhymajtyn mulikti bagalau [Tekst]: Oku kuraly / N.H.Utegaliyeva, B.M. Musaeva. - Oral: ZHangir han atyndagy BKATU, 2020. - 93 b.

6 Utegaliyeva, N.H. Ocenka nedvizhimosti [Tekst]: Uchebnoe posobie / N.H.Utegaliyeva. . - Ural'sk: ZKATU im. ZHangir hana, 2019. - 98 c.

7 Utegaliyeva, N.H. ZHerge ornalastyru zhane kadastr negizderi [Tekst] : Oku kuraly /N.H.Utegaliyeva, ZH.B. Tasanova, ZH.B. - Oral: ZHangir han atyndagy BKATU.- 2019. - 110 b.

8 Tasanova, ZH.B. ZHer resurstaryn baskaru [Tekst] : Oku kuraly / ZH.B.Tasanova. - Oral: ZHangir han atyndagy BKATU, 2019. - 104 b.

9 «Kazakhstan Respublikasynyn 2018 zhylgy 25 mamyrdayy №258-IV zandarymen ozgertuler engizilgen 2003 zhylgy 20 mausymdayy ZHer kodeksi»[Tekst]:– Rezhim dostupa: http://kodeksy.kz.com/zemelnyj_kodeks/148.htm

10 Kazakhstan Respublikasy Karzhy ministrlygi Memlekettik kirister komitetinin derekteri, 2022 zhyl.

11 Kaldarbekuly O. Nauchnye podhody v opredelenii «osvoeniya zemel'nogo uchastka» i problemy prinuditel'nogo iz'yatiya zemli [Tekst] / O.Kaldarbekuly, Mishel' Remi Ndzhiki // KazUU habarshysy, zan seriyasy, [s.l.], v. 93, n. 1, s. 102-111.

12 Tazhekova A.ZH. Turkistan oblysynyn auyl sharuashylyk zherleriniñ sapalyk zhagdajy zhane tiimdi pajdalanu maseleleri [Tekst] / A.ZH.Tazhekova // Habarshy. geografiya seriyasy. №4 (59) 2020. 4-9 b.

13 Barsukova G.N. Sovremennye problemy upravleniya zemel'nymi resursami [Tekst] : /G.N.Barsukova, N.M. Radchevskij // Nauchnyj zhurnal, Kubgau, – №125 (01). 2017. – s. 11-20.

14 Demina N.F. Ekonomicheskij mekhanizm upravleniya zemel'nymi resursami [Tekst] /N.F.Demina, S.A.Bulygina // Vestnik Krasgau. – 2007. – №4. – s. 23-25.

15 ZHer uchaskelerin zheke menshikke berilgen kezde, memleket nemese memlekettik zher pajdalanushylarga zhalga bergen kezde olar yshin tolemakuynun bazalyk stavkalaryn, sondaj-aq zher uchaskelerin zhaldaу kukugyn satu tolemakysynyn molsherin bekitu turaly kazakstan respublikasy ukimetinin 2011 zhylgy 10 kazandagy № 1154 kaulysy [Tekst] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/p1100001154>

16 Turganaliev S.R. Zemel'nyj oborot Respubliki Kazahstan v sovremennyh usloviyah [Tekst] / S.R.Turganaliev. [i dr.] //Habarshy. Geografiya seriyasy. N№2 (53) 2019. 4-15 b.

17 Vladimir E. Vse o zemel'nyh otnosheniyah. Kadastryj uchet, pravo sobstvennosti, kuplya-prodazha, arenda, nalogi, otvetstvennost' [Tekst] / V. Ershov. – M.: Grossmedia, 2017. – 416 c.

18 Auyl zhane orman sharuashylygyn zhurgizuge bajlanysty emes maksattarga olardy pajdalanu ushin auyl sharuashylygy zhane orman alkaptaryn alyp koyudan tuyndagan auyl sharuashylygy men orman sharuashylygy ondirisinin shygyndaryn oteu normativterin zhane Alkaptardy kalpyna keltiruge zhumsalatyn soma esepke alynyp, auyl sharuashylygy ondirisinin shygyndaryn oteu, sondaj-aq orman sharuashylygy ondirisinin shygyndary men zalaldaryn oteu erezhessin bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetiniң 2003 zhylgy 8 kazandagy N 1037 kaulysy [Tekst] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001037_

19 Svodnyj analiticheskij otchet o sostoyanii i ispol'zovanii zemel' Respubliki Kazahstan za 2021 god [Tekst] : Otchet / Sost.: M.B.Temirzhanov G.A. Bimendina, A.ZH.Alpamyshev, M.B.Uzbaev, A.R.Abdrahmanov, M.A.Kazhenov i dr. – Nur-Sultan, 2021. – 334 s.

20 Fokin S.V. Zemel'no-imushchestvennye otnosheniya [Tekst] / S.V. Fokin. – M.: Al'fam, 2018. – 271 s.

21 Gerbeeva L.YU. Metodologiya razvitiya, funkcionirovaniya i upravleniya zemel' no-imushchestvennym kompleksom regiona // Vestnik Omskogo Gosudarstvennogo universiteta, 2010. №13 (119). – S.16-19.

22 Dvinskij M. B. Zemel'no-imushchestvennyj kompleks kak effektivnaya forma ispol'zovaniya resursov v promyshlennosti: na pri mere gruppy predpriyatij mashino stroitel'nogo kompleksa g. Krasnoyarska [Tekst]: avto ref. dis. ... kand. ekon. Nauk / M.B.Dvinskij. – Krasnoyarsk, 2006. – 24 s.

РЕЗЮМЕ

В современном мире владение земельными участками является символом богатства, поэтому необходимо развивать, обеспечивать эффективность сферы земельных отношений в регионах, отдельных субъектах. Она взаимно влияет на эффективность функционирования рынка земли. Механизм экономического регулирования в развитии земельного рынка позволяет осуществлять политические действия государства в отношении управления земельными ресурсами, обеспечивать права землевладельцев, осуществлять эффективные платежи за земельные участки рационального и эффективного землепользования на экономическую поощрения характерна система мер экономических действий, направленных на введение экономических санкций в защиту от порчи экологического состояния полей и возмещение убытков для сельскохозяйственных угодий при их применении к несельскохозяйственным целям.

В статье отмечается, что эффективность платы за землепользование в республике зависит от размера базовой ставки платы за земельный участок, поступления земельного налога, платы за аренду земли и других целей, не связанных с ведением сельского и лесного хозяйства, от величины сумм возмещения затрат сельскохозяйственного и лесохозяйственного производства, вызванных изъятием сельскохозяйственных и лесных угодий для использования этих угодий. Плата за землепользование обеспечивается уплатой земельного налога, арендной платы за землю и выплатой затрат при изъятии сельскохозяйственных земель для других целей. Статистические данные платежей, вошедших в доход Комитета государственных доходов, обобщены и проанализированы по Республике.